

Әдебиеттер

1. Егоров Н.С. Практикум по микробиологии.-М.:Изд-во Московского университета, 1976.-307 с.
2. Красильников Н.А. Определитель бактерий и актиномицетов.- М.-Л.:Изд. Академии наук СССР.-1949.-829 с.
3. Краткий определитель бактерий Берги.- М.: изд. «Мир».-1994,-495с.
4. Егоров Н.С. Практикум по микробиологии. – М.: Изд-во Московского университета, 1976.-307 с.
5. Определитель бактерий Берджи. В 2-х, том, Т1 Издательство: «Мир»-1997.

Еримбетов Қ.Қ., Мыктыбаева Р.Ж.

КУЛЬТУРАЛЬНЫЕ СВОЙСТВА ОТОБРАННЫХ НОВЫХ ШТАММОВ УРОБАКТЕРИЙ

Аннотация

При изучении культуральных свойств некоторых новых штаммов основных видов спороносных уробактерий мы их выращивали в 4 питательных средах белковых: МПА, МПБ, с 5% - ной мочевиной, МПЖ (мясо пептонная желатина) и безбелковой синтетической среде Рубенчика с 5% - ной мочевиной.

Ключевые слова: колония, диаметр, пигмент, обрезать, МРА, МРВ.

Erymbetov K.K., Miktubaeva R.Zh.

CULTURAL PROPERTIES OF SELECTED NEW STRAINS OF UROBACTERIES

Annotation

In the study of cultural properties of some new strains of the mail types of spore urobactery we were grown in nutrient media, protein 4: MPA, MPB, with 5% urea, NRM (meat peptone gelatin) and protein – free synthetic medium Rebenchik with 5 % urea.

Key words: colony, diameter, pigment, crop, MPA, MPB, wed of Rubemchik.

ӘОЖ 636.32/38.082

Зуай А., Шаугимбаева Н.Н., Құлатаев Б.Т.

Қазақ ұлттық аграрлық университет

«АЖАР» ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ГИССАР ТҰҚЫМДЫҚ ҚОШҚАРЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Алматы облысы жағдайындағы өсірілетін гиссар және еділбай қосқарларын және олардың будандарының өнімділігі етті-майлы құйрықты қой тұқымдарының стандарт талаптарына сай екені анықталды

Кілт сөздер: қылшық жүн, қой еті, будандары, негізгі-қошқарлар, саулықтар, құйрықты бағытта, тірілей салмақ.

Кіріспе

Бүгінгі таңда нарық экономикасының сұранысына жауап беретін қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойлары болып табылады. Қазақстанда өсетін қой тұқымдарының ішінде ең төзімдісі, мол өнімдісі, тез жетілгіштігі, төлшендігі, жүндестігі т.б. шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жағынан қазақтың құйрықты қылшық жүнді қойлары болып саналады.

Құйрықты қойлар төлдерінің көпшілігі туған жылы аса жылдам өсіп-жетіліп, тауарлық мақсатқа жұмсалады. Ал, тиісті салмаққа жетпеген қозылардың өзі қосымша шығындарды көп керек етпей, қоршаған орта әсеріне төзімділік көрсетіп, қыстан жақсы шығады. Көктем-жаз айларында қондылығын жылдам көтеріп, салмақты тез қосады, сөйтіп етке өткізуге уақытында дайын болады.

Зерттеулер нысаны мен әдістері

Тәжірибелер Алматы облысы Жамбыл ауданының «Ажар» асыл тұқымды қой шаруашылығында жүргізілді.

Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында гиссар қойы және олардан алынған будан қойлардың биологиялық және өнімділік көрсеткіштері зерттеліп отыр.

Бұл жұмыс негізінде гиссар, олардан алынған будан қойларды жетілдіруде, өнімділік көрсеткіштерін арттыруда, ұрықтандырылған саулықтар мен олардың төлдегіштігі, қозылардың өміршендігін, өсу қарқынының жылдамдығын, саулықтардың сүттілігін, будандардың өсіп жетілуін, будандардың ет және жүн өнімділігін, интерьерлік ерекшеліктерін жетілдіру тиімді екенін, сонымен қатар экономикалық тиімділігін анықтау мүмкін болып отыр.

Қазақстан Республикасы президентінің елімізді бәсекеге барынша қабілетті елу мемлекеттің қатарына енгізу мақсаты мен республикамыздың Бүкіл дүние жүзілік сауда ұйымына кіргелі тұрған кезеңде – бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, өндірістік процестерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыру, заманауи озық технологиялар және тиімді жұмыс істейтін машиналар мен қондырғыларды өндіріске енгізу, барлық өнім түрлерін өндіру, өңдеу саласында кластерлік бастамашылықты іске асыру қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

Республикамызда жүзеге асырылып жатқан Мемлекеттік азық-түлік бағдарламасының құрамдас бөлігінің бірі мал шаруашылығынан алынатын өнім түрлерін өңдеу мен өндіру саласындағы атқарылар істердің ауқымы зор. Ал бұл бағдарламаны ойдағыдай жүзеге асырудың басты шарттарының бірі – мал шаруашылығын интенсивті дамыту және малдан алынатын өнім түрлерін молайту.

Өнімдерді өңдеу технологиясы мен техникалық құрал-жабдықтары бойынша малдан алынатын өнім түрлерін молайту және дайындау әдістерін қолдану арқылы халықты дәмді де сапалы азық түрлерімен қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде Қазақстанда өсірілетін қой тұқымдарының ішінде әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларға ең төзімдісі, еті мен майы бойынша мол өнімдісі, төлінің тез жетілгіштігі, әртекті жүнінің сапалылығы т.б. шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жағынан нарық экономикасының сұранысына толық жауап беретіні қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары болып саналады. Бұл қой тұқымы Тәжікстанда халық селекциясымен шығарылған. Гиссар тұқымы Тәжікстанда және Өзбекстанның оңтүстік-шығысында негізгі тұқым болып табылады[3]. Біразы Қырғызстанда, Қазақстанда, Түрікменстанда өсіріледі. Тәжікстанда гиссар тұқымы қазіргі уақытта алдыңғы қатарлы тұқым болып саналады. Орталық статистикалық басқармасының санағы бойынша 2012 жылы мемлекеттегі қой басының 45 пайызын құрайды.

Гиссар қойы тек құйрықты қойлардың арасында ғана емес, басқа дүние жүзіндегі қой тұқымдары арасындағы ең ірісі[1]. Ол өте сүйекті, берік, биік, сирақты, дөңес басты қой. Қошқарының шоқтығының биіктігі - 80-85 см, саулығында - 75-80 см.

Қошқарлары көбінесе тоқал болады. Қошқарының салмағы 130-140 кг, жақсылары - 170-190 кг-ға дейін, саулығы шамамен 80-85 кг, ал кейбіреулерінің салмағы 92-95 кг-ға дейін жетеді. Дене бітімі мықты, кеудесі кең, терең болып келеді. Жақсы күйлі қойдың құйрық майы - 18-20 кг, ал байланған тарттырылған қошқарда - 30 кг, тіпті одан да ауыр.

Гиссар қойының жүні өте қылшықты, көбінесе бурыл қара, қара, ішінара сары түсті, басым көпшілігі өлі және құрғақ жүнді.

Кеуде жүнінің өсуі нашар, сирақтары, басы, бауыр тұсы және мойнының төменгі жағының жүні қысқа, қатты болып келеді. Сондықтан қырқылып алынатын жүні де аз 1,2-1,5 кг ғана. Басқа қойлардан тез жетілгіштігімен ерекшеленеді. Алты айында 60 кг-ға жетеді. Сойыс шығымы 58-60%. Жүні киіз жасауға қолданады. Төлдегіштігі 115-120%-ды құрайды. Гиссар қойлары төзімді келеді, жыл бойы жайылымда ұстауға бейімделген.

Гиссар қойының етінің сапасы басқа құйрықты және қылшықты қойларға қарағанда өте жоғары бағаланады[3]. Бұлшық ет арасында май болмайды.

Майы көбінесе құйрығына жиналады, аздап ішкі мүшелеріне жинайды. Ал, дәмділік сапасы өте жоғары бағаланады.

Қойлар зерттеулерінде әр 100 кг салмағына бір аптада 16 кг құрғақ зат азығын, ал ірі қара не бары 12,5 кг қорек етеді[6]. Аш ішегінің ұзындығы орташа 26 м-ге, ал тоқ ішегінің ұзындығы 8,2 м-ге тең. Асқазанының сиымдылығы 38,5 л-ге тең.

Гиссар қойлары өте мол ет және май шығымын береді. Қойларды жайылымда ұстағанда орташа 58-60 % тірідей салмағынан ет және май шығымын береді, ал арнайы бордақыланған жағдайда 65 %-ға дейін береді.

Ересек қойлардың құйрығының [9] келтірген мәліметі бойынша жалпы ұзындығы 48-50 см және ені 38-40 см болады. Гиссар қойларының құйрығы 5 түрге бөлінеді: тартыңқы (орташа немесе үлкен), орташа (қалыпты), кішірек, кішкентай жетілмеген.

Гиссар қозысының туылғандағы салмағы кеңестік меринос қозысының туылғандағы салмағынан 2 есе көп болады және алғашқы айында меринос қозысына қарағанда 1,5 есеге қарқынды өседі.

Көптеген сараптамалар нәтижесінде гиссар саулықтарының жүніндегі түбіті 38-80%-ға дейін, аралық талшық 2-28 %-ға дейін, қылшық және өлі талшық 18-34 %-ға дейін құрайды.

Зерттеулер нәтижелері

Тәжірибелік саулықтар – таза қанды гиссар және қазақтың биязы жүнді қойлары болды. Зерттеулер, ересек «элита» класты саулық отарларында жүргізілді.

Малдың тірідей салмағын жасына байланысты анықтау ең кең таралған өсу мен дамуды есептеу әдісі болып саналады. Осы орайда малды өсіру жағдайларына бейімділігін сипаттау үшін оның тірідей салмағының өзгергіштігін зерттеу маңызды орын алады.

Біздің зерттеулерде оңтүстік – шығыс Қазақстан жағдайларында өсірілетін құйрықты қойларының жасына байланысты тірідей салмағының өзгергіштігі анықталды.

Қойлардың тірідей салмағының көрсеткіштері оның физиологиялық жағдайына буаздығымен лактацияға байланысты.

Зерттелген малдар бір отарда болғаннан кейін, олардың азықтандыру мен бағып – күту жағдайлары бірдей деңгейде деп санауға болады.

Зерттеулер нәтижелерін талдау

Бірінші топтағы гиссар қошқарлары екінші топтағы гиссар қошқарларынан салмақ жағынан 10 кг немесе 8 %, ал үшінші топтағы қошқарларынан 20 кг немесе 17% басым

болды. Сонымен қатар, қырқылған жүні бойынша үшінші топтың қошқары бірінші топтан 1,55 кг немесе 51,7 %, ал екінші топтан 1,6 кг немесе 53,3 % жоғары болды.

1 кесте - Тәжірибеде пайдаланылған тұқымдық қошқарлардың өнімділігі

Мал тұқымы	n	Тобы	Тірі салмағы, кг	Қырқылған жүні, кг	Жуылған таза жүні, кг
Гиссар	3	I	120	1,45	-
Гиссар	3	II	110	1,4	-
Еділбай	3	III	100	3,0	1,5

Экстерьер - мал дене құрылысының формасы. Бұл олардың конституциясы, денсаулық жағдайы, өнімділік сипаты мен деңгейі секілді көрсеткіштерінің бірі.

Экстерьерді өнімділікпен байланыстыру жайлы қозғалатын ой малдың түрлі ұлпалары мен органдарының қызметі мен құрылымының арасында белгілі бір қатыстылық бар деп дәлелдейтін заңдылыққа негізделеді.

Мысалы, етті тұқым қойының тұлғасы кең де терең, бірақ аяқтары қысқа мойындары да қысқа, жуан, арқасы мен белі кең етті, тері асты клетчаткасы жақсы жетілген терісі борпылдақ.

Ал, жүнді қойлар бүкіл осы көрсеткіштері бойынша бұған керісінше аяқтары ұзын, тұлғасы жіңішке, терісі тығыз т.б.

Экстерьер малдың кейбір дене бөлігінің жетілуі бойынша, яғни дене құрылысы, тұқымдылығы мен өнімділігіне, конституциялық ерекшеліктері жайлы талқылайтын дене бөліктеріне қарай бағаланады.

Практикада малды экстерьері бойынша бағалаудың негізгі екі әдісі қолданылады.

Көзбен бағалау кейбір қой тұқымына арнайы дайындалған шкаламен жүргізіледі.

Шкала әдетте 100 баллдық болады. Әрбір дене бөлігі немесе топ белгілі бір балл санымен бағаланады. Ол баллдың жиынтығы ең жақсы үлгіде 100-ге жақындау керек. Көзбен бағалауға қарағанда экстерьерді өлшемдер бойынша бағалау дәлірек болады. Мұнда малдың биіктігі, ұзындығы, кейбір дене бөліктерінің кеңдігі мен орамы секілді көрсеткіштері бағаланады.

Өлшемдер малдың дене құрылысы мен экстерьерін есептеу үшін пайдаланылады. Экстерьерді бағалау кезінде бонитировка жасына жеткен малды суретке түсірудің де маңызы зор.

Ауыл шаруашылық малдарының өнім бағытына байланысты дене бітімі де әр түрлі болады. Мал шаруашылығында малдың дене бітімін оның мықтылығы мен нақтылы өсіру жағдайларымен төзімділік көрсеткіші ретінде есепке алудың маңызы өте үлкен. Дене бітімі, тұрқы тұқым қуалаушылыққа шартты болады және малдың бүкіл өсіп – жетілу кезеңінде қоршаған ортаның әсері мен қалыптасады.

2 кесте-Тәжірибеде пайдаланылған тұқымдық қошқарлардың негізгі дене өлшемдері, см

Топ тар	n	Шоктық биіктігі	Тұрқының қиғаш ұзындығы	Кеуде енділігі	Сербек аралық енділігі	Кеуде орамы	Жіліншік орамы
X±m _x							
I	3	87,3±0,71	86,2±0,57	27,3±0,31	28,6±0,41	120,3±0,95	12,6±0,21

II	3	85,6±0,65	81,2±0,71	25,6±0,42	24,5±0,35	118,2±0,75	12,0±0,31
III	3	83,0±0,42	66,6±0,69	23,9±0,58	22,9±0,32	106,4±0,51	10,0±0,28

Тәжірибе деректерінен I топтағы қошқарлардың шоқтығынан алынған биіктігі бойынша II топтағы қошқарлардан 2 %, III топтан 5% басым болды. Кеуде орамынан алынған өлшемдерінен I топ II топтан 1,74 %, ал, III топтан 11,5 % жоғары болды.

Соңғы уақытта азық-түлік кешенінде болып жатқан өзгерістер саланы технологиялық реформалаумен байланысты жүруі тиіс, яғни отандық азық-түлік кешенін қалыптастыруда өндірісті жаңаша технологияландыруға басымдылық рөл беріп, отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекелестік қабілетін арттыруды стратегиялық фактор ретінде қарау керек.

Қорытынды

Оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында өндірісті арттыру мақсатымен жергілікті қазақтың биязы жүнді саулықтарын гиссар қошқарларымен шағылыстырып, будан алып өсіру тиімді және Алматы облысы жағдайындағы өсірілетін гиссар қошқарларын және олардың будандарының өнімділігі етті-майлы құйрықты қой тұқымдарының стандарт талаптарына сай екені анықталды.

Әдебиеттер

1. Сабденов Қ.С., Бетембаева М.М., Елемесов К.Е., Рақымжанов Ж.А., Көшербаев Ш.К., Пірмәнишев М.П., Қойшыбаев С.А. т.б. Қой шаруашылығы.- Алматы: 1993.- 90 б.
2. Ермеков М., Көптілеуов Т. Еділбай қойы.- Алматы: Қайнар, 1982.- 20 б.
- 3е. Лебедев И.Г. Гиссарские овцы и пути их совершенствования.- Сталинабад: - С.1952.- 10.
4. Сабденов Қ.С. Қой шаруашылығын интенсивтендіру. Алматы: Қайнар, 1991. 72 б.
5. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы.- Астана: 2003.- 40-б.
6. Любавский А.В. Гиссарские овцы- Государственное Издательство сельскохозяйственной литературы.-С. 1949-51.
7. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары.- Алматы:Қайнар,1977.-С.550-55.

Зуай А., Шаугимбаева Н.Н., Кулатаев Б.Т.

ПРОДУКТИВНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГИССАРСКИХ ОВЕЦ РАЗВОДИМЫХ В ХОЗЯЙСТВЕ «АЖАР»

Аннотация

В статье приведены результаты изучения продуктивности основных баранов-производителей гиссарских и эдильбаевских овец и полученные от них помеси соответствует стандартам породы мясо-сальных курдючных пород адаптированных в новых условиях Алматинской области.

Ключевые слова: грубая шерсть, баранина, помеси, бараны-производители, овцематки, курдючные направления, живая масса.

Zuai A., Shalgimbaeva N.N., Kulataev B.T.

PRODUCTIVE FEATURES HISSAR SHEEP BRED IN THE FARMS "AZHAR"

Annotation

The results study productivity of the major manufacturers gissar sheep and hybrids derived from them compliant breed meat and greasy fat-tailed breeds adapted to the new conditions Almaty region.

Keywords: coarse wool, sheep, crosses, sheep producers, ewe, fat-tailed directions, live weight.

УДК 619:616.576.89 (574)

**Иманбекова Т.А., Ахметсадыков Н.Н.,
Ажмухан Н.О., Маукиш А.К.**

Казахский национальный аграрный университет, г. Алматы

ТОО «Научно-производственное предприятие «Антиген», Алматинская обл.

ТОО «Казахский научно-исследовательский ветеринарный институт, г. Алматы

КУЛЬТУРАЛЬНЫЕ СВОЙСТВА КЛЕТОК, ПРОДУЦИРУЮЩИХ ВИРУС ЛЕЙКОЗА КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

Аннотация

В результате проведенных исследований по выращиванию перевиваемых линий установлены оптимальные сроки формирования монослоя и накопления вируса лейкоза в суспензиях клеток. При выращивании культур клеток ЛЭК ВИБВ-90 и FLK-BLV на ростовых питательных средах с 10 % содержанием сыворотки крови ягнят установлено, что 100 % плотный монослой формируется на 3-4 сутки культивирования с обеих культур при посевной концентрации 70-85 и 80-100 тыс.кл/мл соответственно с титром активности 1:2-1:8 и 1:4-1:16 в РИД. При этом биологическая активность перевиваемой клеточной линии FLK-BLV была 2 раза выше, чем ЛЭК ВИБВ-90.

Ключевые слова: лейкоз крс, РИД, антиген.

Введение

Этиологическим агентом лейкоза крупного рогатого скота является онкорнавирус. Выделение вируса *in vitro* предоставляет определенную трудность. Впервые удалось обнаружить в краткосрочных культурах лимфоцитов крови инфицированных животных и репродуцировать в перевиваемых хронически инфицированных культурах клеток тканей животных разных видов, таких как АИД-15 (фибробласты легкого эмбриона коровы), ПЭК (почки эмбриона коровы), Т 61-Lu (легкого эмбриона коровы), BLV-Simian (легкого макаки-резус), FLS (селезенка овцы), ТЭК МВА-766 (тимус эмбриона коровы) ткани нашли [1]. В вирусологических исследованиях часто применяют перевиваемые линии клеток FLK-BLV и ЛЭК ВИБВ-90, которых соответственно получили в 1974 году Vander Maaten и М.И. Гулюкин с соавт. в 1992 году путем сокультивирования эмбриональных клеток почки овцы и легкого коровы с лимфоцитами. Для этой цели наряду с другими исследованиями, широко применяются серологические методы (РИД и ИФА), обеспечивающие эффективное выявление болезни [2, 3]. В нашей стране для постановки этих реакций диагностические наборы закупаются из зарубежных стран и используются чаще всего для исследования ограниченного количества животных. Завозимые из-за рубежа диагностические наборы